

Қарағанды облысы Теміртау қаласы мен Бұқар Жырау ауданының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 41/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 маусымдағы № 68 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 маусымда № 23216 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына, "Қарағанды облысы Теміртау қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі №243 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының 902 гектар жерін Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосу жолымен Қарағанды облысы Теміртау қаласы мен Бұқар Жырау ауданының шекаралары (шектері) өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттық өкілеттік, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі
Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы

Ж. Қасымбек
К. Оспанова
С. Утешов

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 15
маусымдағы
№ 41/01 мен
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 17
маусымдағы
№ 68
қосымша

Қарағанды облысы Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Бұқар жырау ауданының жер бөліктерінің экспликациясы

		оның ішінде:
--	--	--------------

Р/с №	Ауданның атауы	Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жердің ауданы (гектар)	а у ы л шаруашылығы алқаптары		елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері
			егістік	жайылым	
1	2	4	5	6	7
1	Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің жалпы ауданы, Бұқар Жырау ауданы жерлерінің бөлігі, оның ішінде:	902	-	743	159
	Самарқанд ауылдық округі	37	-	23	14
	Қызылқайың ауылдық округі	865	-	720	145

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК